



201\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_  
г.

Астана, Үкімет Үйі

«\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

13.12.2017-ғы № 17-38/3085 шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаты  
Ж.Қ. Дүйсебаевқа**

*2017 жылғы 15 қарашадағы  
ДС-273 депутаттық сауалға*

### **Құрметті Жексенбай Қартабайұлы!**

Сіздің астықты тасымалдауға қажетті вагондардың санын арттыру бойынша шараларды қабылдау жөніндегі сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Астық пен ұн тиеудің 10% ғана негізгі жоспар шегінде, ал 90% жоспардан тыс іске асырылатынын атап өткен жөн. Бұл ретте жоспарлау тасымалдау процесін ұйымдастырудың негізі болып табылады. Астықты инфрақұрылым мүмкіндігін және жылжымалы құрамның болуын есепке алмай біруақытты жаппай тасымалдауға беру, вагонның тұрып қалуы сияқты теріс салдарларға және онымен байланысты шығындарға әкеледі.

Сонымен қатар, вагон айналымы мерзіміне әсер ететін және жылжымалы құрамның жасанды тапшылығын тудыратын факторлар бар.

Тиелуге берілген вагондардың тұру мерзімі орта есеппен 2-ден 5 тәулікке дейін, ал көптеген жағдайларда 15 тәулікке дейін ұлғайды. Мұнда тиеу кезінде тұрып қалу элеваторлардың техникалық жарықтандырылуының қанағаттандырылмағандығынан, сеператорлардың және тиеу желілерінің сынуынан байланысты болғандығын атап өту қажет. Бұдан басқа, көптеген жағдайларда элеваторлар демалыс және мереке күндері жұмыс жасамайды немесе өзінің көрсетілетін қызметтеріне екі еселенген тариф береді.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жүк тасымалдауға мәлімденген жоспарларды қамтамасыз ету үшін бірінші кезекте вагон айналымын қысқартуға бағытталған барлық ықтимал шаралар қабылдауда.

Осылайша, жеткізу мерзімін 3 тәулікке, ал вагон айналымын 2 есеге қысқартуға мүмкіндік берген Ақтау порты, Ауғанстан Ислам Республикасы және Өзбекстан Республикасы бағытында тұрақты тікелей бағдарлар іске қосылды.

Бағдарларды ұйымдастыру үшін қосымша:

- Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан және Қырғызстан теміржол әкімшіліктерінен 280 инвентарлы астық тасымалдаушы вагон;
- «РусАгроТранс» ЖАҚ-тан 360 астық тасымалдаушы вагон тартылды;
- Грузиядан «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ станцияларына 176 астық тасымалдаушы вагон жөнелтілді, тағы 124 астық тасымалдаушы вагонның келуі жоспарланады.

Бұдан басқа шектес аумақтарда 2 000-ға дейін орналасқан жабық вагондардың санын қысқарту бойынша шаралар қабылданып жатыр.

Бұл ретте жүк вагондарын қолдануды оңтайландыру, вагондар айналымының мерзімін қысқарту, сондай-ақ астық тасымалын қажетті теміржол жылжымалы құрамымен қамтамасыз ету мәселелерін шешу мақсатында Инвестициялар және даму министрлігінде астық тасымалдауды жылжымалы құраммен қамтамасыз ету бойынша жұмыс тобы құрылды.

Жұмыс тобының шеңберінде Астық тасымалын жылжымалы құраммен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді және Жоспарға сәйкес Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары әкімдіктерінің жанынан астық пен ұнды тасымалдау бойынша іс-әрекеттерді үйлестіру және қамтамасыз ету мәселелері бойынша жедел штабтар құрылды.

**А. Мамин**